Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы

Қазақ тілі мен әдебиеті
(оқыту қазақ тілінде емес)

Қорытынды аттестаттау спецификациясы

11-сынып

Нұр-Сұлтан
2022 жыл

Мазмұны

1 Бағалау мақсаты 3
1.1 Оқу бағдарламасымен байланысы 3
1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы 3
2 Емтихан жұмысының сипаттамасы 4
2.1 Бағалау міндеттері 4
2.2 Балдардың үлестірілуі 5
2.3 Емтиханды өткізу тілі 5
3 Емтиханды өткізу үдерісін басқару 5
4 Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі 5
5 Бағалар сипаттамасы 6
6 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары 6

1 Бағалау мақсаты

Білім алушылардың «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес анықтау.

1.1 Оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде емес) жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) мазмұнын қамтиды.

Оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасымен оқитын білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша *оқу жүктемесі төмендетілген* үлгілік оқу бағдарламасының (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) мазмұны ескеріледі.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі



2 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқылым және жазылым	**3 сағат**
Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. Тапсырмалар жалпы көлемі 400 сөзден тұратын төрт қысқа мәтін үзінділеріне негізделеді. **1-бөлімде** білім алушылар мәтін үзінділерінде келтірілген ойдың берілген 10 тұжырыммен өзара байланысын анықтап, қай мәтінге қатысты екенін тауып белгілейді (A, B, C және D). Қолданылатын мәтін түрлеріне бейресми, ұқсас тақырыптағы мәтіндер, мысалы, хат, электрондық хат, блогтар жатады. Әр мәтін деректер мен көзқарастар бірлігін қамтиды. Тапсырма білім алушылардың мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуін, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алуын, мәтінде көтерілген астарлы ой мен автор позициясын анықтау құзыреттерін бағалайды. Балл саны – **10.** **2-бөлімде** білім алушылар мәтін негізінде берілген сұраққа өз көзқарастарын білдіріп, 150-200* сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өңдеп қолданып, стильдік және жанрлық ерекшеліктерге сай аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады. Балл саны – **30 балл.** * *оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы* (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) бойынша оқитын білім алушылар мәтін негізінде берілген сұраққа өз көзқарастарын білдіріп, 130-180 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды.	
Максималды балл	**40 балл**

2.1 Бағалау міндеттері

1-БМ	**Коммуникативтік құзырлық** Білім алушы: • мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтап, мәтін идеясымен байланысын анықтауы; • қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеуі; • түрлі стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерді іріктей алуы; • белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс.
2-БМ	**Тілдік құзырлық** Білім алушы: • сөз, сөйлем, мәтін деңгейінде грамматикалық нормаларды сақтауы; • мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білуі тиіс.

2.2 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың бөлінуі кестеде ұсынылған.

Тапсырма	Бағалау міндеттері	Балл
1	1-БМ Коммуникативтік құзырлық	10
2	1-БМ Коммуникативтік құзырлық 2-БМ Тілдік құзырлық	20 10
Барлығы		**40**

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

3 Емтиханды өткізу үдерісін басқару

Емтихан «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына сәйкес өткізіледі.

4 Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісін ұсынылған балл қою сызбасы негізінде аттестациялық комиссия жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балдар бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-15	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
16-25	40-64	3 (қанағаттанарлық)
26-33	65-84	4 (жақсы)
34-40	85-100	5 (өте жақсы)

5 Бағалар сипаттамасы

Бағалар сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Тәжірибеде ұсынылған баға білім алушылар жұмысының бағалау міндеттеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

Баға	Сипаттама
5	Білім алушылар өздерінің жетік деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің жалпы мазмұны мен контекстегі жекелеген сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасын толық түсінеді; • мәтіннің негізгі ойына қатысты қажетті ақпаратты пайдаланып, жеке көзқарасын нақты, айқын білдіреді; • нақты тақырыпқа сай лексикалық және тілдік құрылымдарды кеңінен қолданып, тілді меңгергенін нақты, орынды көрсетеді.
4	Білім алушылар жеткілікті деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінеді, бірақ контекстегі кейбір жекелеген сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасын шатастырады; • мәтіннің негізгі ойына, ақпараттарға қатысты жеке көзқарасын білдіруде сенімсіздік танытады; • нақты тақырыпқа сай лексикалық және тілдік құрылымдарды қолданып, тілді қолдануда аздаған қателер жібереді.
3	Білім алушылар қанағаттанарлық деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің кейбір бөліктерін түсінеді, бірақ контекстегі көптеген жекелеген сөздер немесе сөз тіркестерінің мағынасын анықтауда қиналады; • мәтіннің негізгі ойына қатысты ақпаратты ажырата алмайды, орынсыз қолданады; • сөздік қоры шектеулі, лексикалық және тілдік құрылымдарды қолдануда қателері жиі кездеседі.
2	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.

6 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары

Бұл бөлімде қорытынды аттестаттауда қолданылатын тапсырмалардың кейбір түрлері ұсынылған.

Әр сұрақ немесе тапсырманың тұсына тік жақшада [ ] ұсынылатын балл көрсетіледі.

Басшылыққа алу үшін коммуникативтік құзырлықты тексеруге арналған нақты балл қою кестесі және тілдік құзырлықты тексеруге арналған жалпы балл қою кестесі ұсынылады. Нақты балл қою кестесінде әр сұрақ немесе тапсырмаға берілетін балл саны көрсетіледі. Ал жалпы балл қою кестесінде 1-ден 10-ға дейінгі балл сандарының өлшемдеріне сипаттама берілген.

1-бөлім

Байлық пен кедейлікке байланысты жастардың пікірлерін оқып шығыңыз.
1-10-сұрақтар бойынша сәйкес пікірлерді таңдаңыз (А, Ә, Б немесе В). Әр әріпті бірнеше рет қолдануға болады.

1 Қаржы туралы түсінік жанұядан бастау алады. .....[1]

2 Туған-туыстарға көмектесуді борышым деп санаймын. .....[1]

3 Кейбір қалталы адамдар ақшаны үнемдеп жұмсайды. ..... [1]

4 Кедей отбасылар бірінші кезекке білімді қояды. ..... [1]

5 Байлық ақылды жақсы көреді. .....[1]

6 Көп адамдар байларды байлыққа жеңіл жетті деп кінәлайды. ..... [1]

7 Табысқа жету үшін көп күш-жігер керек. .....[1]

8 Тұрмысы төмен адамдардың өздеріне жаны ашып тұратыны бар. .....[1]

9 Ақшаны дұрыс жұмсай алмайтын жеткіншек бай болуды армандамайды. .....[1]

10 Ұнатқан ісіңмен айналыссаң, мол табысқа ие боласың. .....[1]

А. Дамир

Кез келген қоғам байлар мен кедейлерден тұрады. Біреулерге байлық атадан мұра болып қалса, енді біреулерге еңбегімен келеді. Статистикалық мәліметтер бойынша, табысқа жетушілердің 32%-дан астамы кедей отбасынан шыққан екен. Еврей жұртында «Данышпан болсаң, неге кедейсің?» деген нақыл сөз бар. Кедей адамдар өздеріне үнемі аяушылықпен қарайды. «Маған бай болу жазылмаған, өмір тым қатал» деумен өздерін алдауға тырысады. Әрине, өз іс-әрекетіңізге рухани-адамгершілік тұрғыдан баға бергеннен гөрі өзіңізді аяу – ең оңай әдіс. Бала кезімнен адамның кедей болу себебі оның тапқан ақшасының аз-көптігінде емес, сол адамның ойы мен көзқарасында, арман-тілегінде екенін байқадым. Осы орайда, әкемнің «Бай болғың келсе, санамен ойланып жұмыс істе. Сонда басқалар көре алмайтын нәрселерді көресің. Бір мүмкіндіктен соң, келесі мүмкіндікке жол ашылып, ақша саған жұмыс істейді» деген сөздері есіме түседі.

Ә. Болат

Жастардың көбі бай адамдардың ақшадан қиналмай, қалаған заттарын ойланбастан алатындығын айтады. Десе де, «Бай адам ақшаны босқа шашуды жақсы көрмейді» деген пікірді де ұмытпаған жөн. Ай сайын кинотеатр, отырыстарға, қымбат киімге көп ақша жұмсағанша, оны жинау арқылы жылына бірнеше рет саяхаттауға болады. Сондай-ақ, адамды байлығы үшін жек көруге болмайды. Айналамызда ақшасы көп байларды ұнатпайтындар, оларға бұл оңайлықпен келеді деп сынайтындар жетерлік. Кәсіпкерлердің ішінде де қарапайым өмір сүретіндер бар. Олар тапқан табыстарын

шашуды ұнатпайды, себебі өз істерін кішкентай қадамдардан бастаған.

Б. Жанар

Байлардың күн өткен сайын бірте-бірте байи түсетіні, ал кедейлердің одан сайын кедейлене беретіні жиі байқалады. Менің ойымша, олардың ақшаға деген көзқарасы мектептен емес, отбасынан басталатын сияқты. Балалар жастайынан ақшаның қадірін ата-анасынан үйренеді. Тұрмысы төмен отбасында көп ата-аналар баласына ақшаны қалай жұмсауды үйретпей, «Тек мектепте жақсы оқысаң болды» дейді. Сөйтіп өмір сүру дағдысына емес, күнделікті сабағына баса назар аударады. Ондай балалар мектепті қаншалықты жақсы бітірсе де, кейін ата-анасы секілді кедейліктен шыға алмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Қаржыны дұрыс жұмсап үйренбеген бала жақсы өмір сүруге талпынбайды. Жалпы, байлар үнемі өз өмірінен, тәжірибесінен сабақ алады. Ал кедейлер болса, осы білгенім де жетеді деп есептейді.

В. Әсем

Әрбір бай адамның алдына қойған мақсаты болады, бірақ ол баю керек деген мақсат емес. Бай адамдар ешқашан кері шегінбейді, олар бар табандылықпен жұмыс істейді. Ағылшын кәсіпкері, мультимиллионер Эндрю Карнеги әлемдегі алғашқы болат көпірді салу кезінде қаржысы жетпесе де, құрылыс жұмысын тоқтатпаған. Осылайша ол кәсібін орта жолда тастамай, бар күші мен жігерін салып жұмысын аяқтаған. Нәтижесінде болат көпірлер империясының негізін салады. Мен де кез келген ісіме мақсат қоямын, мақсатыма жету үшін жалықпай еңбек етемін. Болашақ кәсібімді жоспарлап, қаржымды көбейтуді, оны жақындарымның қажеттілігіне жұмсауды міндетім деп білемін. Жолымда кездесетін сәтсіздіктерді мүмкіндік деп қабылдаймын. Жүрегің қалаған іспен айналыссаң, табатын пайдаң да көп болады. Сондықтан ақшаны басқара білу де өнер екенін мойындау керек. Әр қиындықтың өзі келесі қадамды жоспарлауға мүмкіндік береді.

[Барлығы: 10 балл]

2-бөлім

Мәтін үзінділеріндегі ақпаратты қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұраққа кемінде 150-200* сөзден тұратын жауап жазыңыз.
* *оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылар үшін сөз саны - 130-180*

Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің адам өміріне тигізетін әсері қандай деп ойлайсыз?

[Барлығы: мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 10 + жеке жауабына 10 + сөйлеу тілінің сапасы үшін 10 = 30]

Балл қою кестелері

1-бөлімге арналған нақты балл қою кестесі

№	Жауап	Балл
1	Б	1
2	В	1
3	Ә	1
4	Б	1
5	А	1
6	Ә	1
7	В	1
8	А	1
9	Б	1
10	А	1
Барлығы:		10

2-бөлімге арналған жалпы балл қою кестесі

Үзіндідегі ақпаратты қолдануы – 10 балл
Материалға берілген жеке жауабы– 10 балл
Тіл сапасы – 10 балл

Диапазон	Үзіндідегі ақпаратты қолдануы	Материалға берілген жеке жауабы	Сөйлеу тілінің сапасы (әр түрлілігі мен нақтылығы)
9-10 балл	Білім алушы мәтіндерде берілген астарлы ойды, идеялар мен аргументтерді өте жақсы өңдеп, барынша жан-жақты тиімді қолданады.	Білім алушы берілген сұрақ төңірегінде кең ауқымды қиялы мен ойының тереңдігін білдіріп, жеке көзқарасын жоғары деңгейде жүйелі жеткізе білуге қабілеттілігін көрсетеді.	Лексикалық сөздік қоры мол және тілдік құрылымдарды шебер қолданған. Жауабы жүйелі және нақты. Қателері аз. Күрделі тілдік құрылымдарды дұрыс қолданады (етістіктің түрлері, шақтары, жалғаулықтар, сөздердің орын тәртібі, сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдану)

7-8 балл	Білім алушы мәтіндерде берілген бірнеше идеялар мен аргументтерді жақсы өңдеп, орынды қолданады.	Білім алушы сұраққа жауап беруде идеяларды аздау қолданғанымен, жұмысында жеке көзқарасын жүйелі жеткізе алатыны байқалады.	Лексикалық сөздік қорды және күрделі тілдік құрылымдарды дұрыс қолданады. Жалпы жауаптары нақты, елеусіз қателер кетіргенімен, лексикалық және грамматикалық элементтерді білетіні көрінеді.
5-6 балл	Білім алушы сұраққа жауап беруде кейбір идеяларды қолданады, өз ойын орташа деңгейде жеткізу қабілеттілігін көрсетеді.	Білім алушы сұраққа жауап беруде кейбір идеяларды қолданады, өз ойын орташа деңгейде жеткізу қабілеттілігін көрсетеді.	Лексикалық сөздік қоры мен тілдік құрылымдарды білуі қанағаттанарлық. Шақтарды, етістіктерді және тілдік құрылымдарды қолдануы көбіне қарапайым деңгейде, бірақ дұрыс құрылған. Сын есімдер, жалғаулықтар мен етістіктерді дұрыс қолдануда қателері бар.
3-4 балл	Білім алушы мәтіндерде берілген идеялар мен аргументтерді шектеулі қолданады, алайда контекспен байланыстыруы орынсыз.	Білім алушының ойы шектеулі. Мәтіннің негізгі идеясын ашпайды және жауабы берілген сұрақпен байланыспайды.	Лексикалық сөздік қоры мен тілдік құрылымдарды білуі шектеулі. Сын есімдер, жалғаулықтар мен етістіктерді дұрыс қолдануда қиындықтар бар. Қарапайым тілдік құрылымдарды қолдануда да қателіктер жібереді.
1-2 балл	Білім алушы сұраққа жауап бергенімен, мәтін ақпаратын қолданбайды.	Білім алушы мәтін ақпаратын қолдануға тырысқанымен, сұрақ бойынша жауабы жоқ. Лексикалық сөздік қоры өте шектеулі және тілдік құрылымдарды білмейді. Қателер өте көп және қайталанады.	Қателер өте көп және қайталанады. Грамматикалық тұрғыдан білімі аз немесе мүлдем жоқ. Көптеген тілдік құрылымдары аяқталмаған немесе қате берілген.